

Ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2007 жылғы 28 ақпандағы N 1-2/36 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 16 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4577 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 01-01-07/217 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Туризм және спорт министрінің 2009.12.14 № 01-01-07/217 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз) Бұйрығымен.

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 8-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі (1-қосымша);

2) ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың нысаны (2-қосымша) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (Қ.А.Өскенбаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті (Е.В.Журина) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Туризм және спорт вице-министрі Х.Н.Мусинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және 2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Туризм және спорт министрлігінің
2007 жылғы 28 ақпандағы N 1-2/36
бұйрығына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2007.06.28. N 1-2/112 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі

Ойын бизнесі саласында лицензия алу үшін әр ойын мекемесіне келесі құжаттар қажет:

- 1) букмекерлік кеңсе үшін:
өтініш;

Жарғының және өтінушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі - заңды тұлға үшін;
жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі - жеке тұлға үшін;
өтінушіні жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі - жеке кәсіпкер үшін;
өтінушінің салық органында есепке алынуы туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;

ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;
жылжымайтын мүлікке және онымен мәміле жасауға берілген құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары қорытындысының түпнұсқасы;

өртке қарсы қадағалау органдары қорытындысының түпнұсқасы;
меншік құқығын куәландыратын нотариалды түрде расталған құжаттардың көшірмелерімен бірге, бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес ойын жабдықтары тізбесінің түпнұсқасы;

күзет қызметін жүзеге асыруға заңнамамен белгіленген тәртіппен лицензия алған жеке және (немесе) заңды тұлғалармен жасалған шарттың (шарттардың) нотариалды түрде расталған көшірмесі (көшірмелері);

құмар ойындары және ставкаларды қабылдау өткізілетін ойын мекемесі жұмысы ережесінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нотариалды түрде расталған көшірмесі;

Қазақстан Республикасы аумағында екінші деңгейдегі банк бірінші талап ету бойынша (талап ету бойынша салым) салымды (депозитті) берген жағдайда салық (депозит) ашу шартының нотариалды түрде расталған көшірмесі немесе банк кепілдігі;

бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес құмар ойындарын және (

немесе) бәс тігулерді өткізу мен менеджментін жүзеге асыратын персоналдың тізімінің түпнұсқасы;

ғимараттың қор санаты туралы (тұрғын, тұрғын емес) уәкілетті органның анықтамасының түпнұсқасы;

бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес уәкілетті органға салымдарда (депозиттерде) ақшаның болуы және оның әрекеті туралы кемінде алты айда бір рет анықтама беру туралы міндеттемесі;

құжаттардың атауы және бет саны көрсетілген барлық ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі;

2) тотализатор үшін:
өтініші;

Жарғының және өтінушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі - заңды тұлға үшін;

жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі - жеке тұлға үшін;

өтінушіні жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі - жеке кәсіпкер үшін;

өтінушінің салық органында есепке алынуы туралы нотариалды расталған куәлік көшірмесі;

ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын мекемелерінде бәс тігуге қатысушылардың, өздері нәтижесіне ставка жасаған ойынның дамуы мен нәтижесін бақылап отыруына мүмкіндік беретін ойын жабдығының орнатылуы туралы актілердің нотариалды расталған көшірмесі;

жылжымайтын мүлікке және онымен мәміле жасауға берілген құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;

жылжымайтын мүлікке және онымен мәміле жасауға берілген құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары қорытындысының түпнұсқасы;

өртке қарсы қадағалау органдары қорытындысының түпнұсқасы;

меншік құқығын куәландыратын нотариалды түрде расталған құжаттардың көшірмелерімен бірге, бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес ойын жабдықтары тізбесінің түпнұсқасы;

күзет қызметін жүзеге асыруға заңнамамен белгіленген тәртіппен лицензия алған жеке және (немесе) заңды тұлғалармен жасалған шарттың (шарттардың) нотариалды түрде расталған көшірмесі (көшірмелері);

құмар ойындары және ставкаларды қабылдау өткізілетін ойын мекемесі жұмысы ережесінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нотариалды түрде

расталған көшірмесі;

Қазақстан Республикасы аумағында екінші деңгейдегі банк бірінші талап ету бойынша (талап ету бойынша салым) салымды (депозитті) берген жағдайда салық (депозит) ашу шартының нотариалды түрде расталған көшірмесі немесе банк кепілдігі;

бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес құмар ойындарын және (немесе) бәс тігулерді өткізу мен менеджментін жүзеге асыратын персоналдың тізімінің түпнұсқасы;

ғимараттың қор санаты туралы (тұрғын, тұрғын емес) уәкілетті органның анықтамасының түпнұсқасы;

бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес уәкілетті органға салымдарда (депозиттерде) ақшаның болуы және оның әрекеті туралы кемінде алты айда бір рет анықтама беру туралы міндеттемесі;

құжаттардың атауы және бет саны көрсетілген барлық ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі;

3) казино үшін:
өтініш;

Жарғының және өтінушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі - заңды тұлға үшін;

жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі - жеке тұлға үшін;

өтінушіні жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі - жеке кәсіпкер үшін;

өтінушінің салық органында есепке алынуы туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;

ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

бір казинода кемінде жиырма ойын столының орнатылуы туралы актілердің нотариалды түрде расталған көшірмесі;

кассалар мен казиноның ойын орындарында жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және барлық құмар ойынына қатысушылардың әрекеттерін тіркейтін бейне жазу жүйелерін орнату туралы актілердің нотариалды расталған көшірмесі;

жылжымайтын мүлікке және онымен мәміле жасауға берілген құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары қорытындысының түпнұсқасы;

өртке қарсы қадағалау органдары қорытындысының түпнұсқасы; меншік құқығын куәландыратын нотариалды түрде расталған құжаттардың көшірмелерімен бірге, бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес ойын

жабдықтары тізбесінің түпнұсқасы;

күзет қызметін жүзеге асыруға заңнамамен белгіленген тәртіппен лицензия алған жеке және (немесе) заңды тұлғалармен жасалған шарттың (шарттардың) нотариалды түрде расталған көшірмесі (көшірмелері);

құмар ойындары және ставкаларды қабылдау өткізілетін ойын мекемесі жұмысы ережесінің нотариалды түрде расталған көшірмесі, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде қолданылатын легитимациялық белгілер мен атаулардың нотариалды түрде расталған көшірмесі;

Қазақстан Республикасы аумағында екінші деңгейдегі банк бірінші талап ету бойынша (талап ету бойынша салым) салымды (депозитті) берген жағдайда салық (депозит) ашу шартының нотариалды түрде расталған көшірмесі немесе банк кепілдігі;

бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес құмар ойындарын және (немесе) бәс тігулерді өткізу мен менеджментін жүзеге асыратын персоналдың тізімінің түпнұсқасы;

ғимараттың қор санаты туралы (тұрғын, тұрғын емес) уәкілетті органның анықтамасының түпнұсқасы;

бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес уәкілетті органға салымдарда (депозиттерде) ақшаның болуы және оның әрекеті туралы кемінде алты айда бір рет анықтама беру туралы міндеттемесі;

құжаттардың атауы және бет саны көрсетілген барлық ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі;

4) ойын автоматтары залы үшін:
өтініш;

Жарғының және өтінушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі - заңды тұлға үшін;

жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі - жеке тұлға үшін;
өтінушіні жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі - жеке кәсіпкер үшін;

өтінушінің салық органында есепке алынуы туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;

ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

ойын автоматтары залында кемінде елу ойын автоматының орнатылуы туралы актілердің нотариалды түрде расталған көшірмесі;

әр ойын автоматының сертификатының және оларды тестілеу туралы қорытындының нотариалды түрде расталған көшірмелері;

ойын автоматына технологиялық түрде салынған пайыздық ұтыстар туралы

қ о р ы т ы н д ы н ы ң

т ү п н ұ с қ а с ы ;

жылжымайтын мүлікке және онымен мәміле жасауға берілген құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары қорытындысының т ү п н ұ с қ а с ы ;

өртке қарсы қадағалау органдары қорытындысының түпнұсқасы; меншік құқығын куәландыратын нотариалды түрде расталған құжаттардың көшірмелерімен бірге, бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес ойын жабдықтары тізбесінің түпнұсқасы;

күзет қызметін жүзеге асыруға заңнамамен белгіленген тәртіппен лицензия алған жеке және (немесе) заңды тұлғалармен жасалған шарттың (шарттардың) нотариалды түрде расталған көшірмесі (көшірмелері);

құмар ойындары және ставкаларды қабылдау өткізілетін ойын мекемесі жұмысы ережесінің мемлекеттік және орыс тілдерінде нотариалды түрде р а с т а л ғ а н к ө ш і р м е с і ;

Қазақстан Республикасы аумағында екінші деңгейдегі банк бірінші талап ету бойынша (талап ету бойынша салым) салымды (депозитті) берген жағдайда салық (депозит) ашу шартының нотариалды түрде расталған көшірмесі немесе б а н к к е п і л д і г і ;

бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес құмар ойындарын және (немесе) бәс тігулерді өткізу мен менеджментін жүзеге асыратын персоналдың тізімінің т ү п н ұ с қ а с ы ;

ғимараттың қор санаты туралы (тұрғын, тұрғын емес) уәкілетті органның а н ы қ т а м а с ы н ы ң т ү п н ұ с қ а с ы ;

бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес уәкілетті органға салымдарда (депозиттерде) ақшаның болуы және оның әрекеті туралы кемінде алты айда бір рет анықтама беру туралы міндеттемесі;

құжаттардың атауы және бет саны көрсетілген барлық ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі;

2. Жоғарыда аталған құжаттар уәкілетті органға ұсыну барысында нөмірленген, түптелген, мөрмен және бірінші басшының немесе оны ауыстыратын адамның қолымен расталған болуы тиіс.

Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына жауаптылық өтінушіге жүктеледі.

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
2007 жылғы 28 ақпандағы
N 1-2/36 бұйрығына

2-қосымша

Ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың нысаны

Ойын жабдығы тізбесінің нысаны

Орны: _____

Меншік иесі: _____

N	Ойын жабдығының түрі	Дайындаушы зауыт, сериялы N	Сәйкестік сертификатының деректері	Тестілеу күні	Ұтыс пайызы	Техникалық жағдайы
1	2	3	4	5	6	7

М.О.

ҚОЛЫ

Персонал тізімінің нысаны

_____ өтініш берушінің атауы

ойын бизнесінің саласы, ойын мекемесінің орналасқан жері, оның атауы көрсетілуі тиіс

N	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Осы мамандық бойынша стажы
1	2	3	4

М.О.

ҚОЛЫ

Уәкілетті органға салымдарда (депозиттерде) ақшаның болуы және оның әрекеті туралы кемінде алты айда бір рет анықтама беру туралы міндеттеменің нысаны

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 6-тармағына сәйкес, _____ атынан, _____ лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты _____ негізінде қызмет ететін

_____ өтініш берушінің атауы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне салымдарда (депозиттерде) ақшаның болуы және оның әрекеті туралы кемінде алты айда бер рет анықтама беру міндеттемесін қабылдайды.

М.О.

ҚОЛЫ

" ____ " _____ 200__ ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК